

Ш.Т. Нұрман¹, Ш.Б. Нурманова²

¹Т.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
Тарих және құқық факультеті,

Алматы, Қазақстан. E-mail: shnurman64@gmail.com

² магистр, Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Тарих кафедрасының аға оқытушысы,

Түркістан, Қазақстан. E-mail: shynar.nurmanova@ayu.edu.kz

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ XX ҒАСЫРДАҒЫ ЕРІКТІ ҚОҒАМДАР ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ТӘЛІМІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстандағы волонтерлік қызметтің тарихи сабақтастығы, сондай-ақ 1920-1930 жылдары ұлттық интеллигенцияның ерікті ұйымдардағы рөлі қарастырылады. Ғылыми айналымға бұрын жарияланбаған құжаттар енгізіліп, ерікті қоғамдардағы зиялылардың ағартушылық қызметінің ерекшеліктері мен олардың қоғамдық өмірдегі рөлі талданады. Зерттеу Қазақстандағы волонтерлік қозғалыстың тарихи бастауларын, кеңестік дәуірдегі ерекшеліктері мен негізгі бағыттарын ашып көрсетеді. Волонтерлік қызметтің идеологиялық бағыты, қоғамдық бастамалары мен институционалдық формалары, сондай-ақ олардың әлеуметтік-тарихи контекстегі маңызы айқындалады. Азаматтық бастамалар мен ресми идеология арасындағы байланысты ашу мақсатында мемлекет саясатына назар аударылған. Зиялылардың ағартушылық, қайырымдылық және мәдени-ағартушылық қызметі сол кезеңдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге қосылған үлес ретінде, сонымен қатар ұлттық бірегейлікті сақтауға және қоғамды жаңғыртуға бағытталған іс-шаралар ретінде зерделенеді. Олардың тәжірибесі қазіргі қоғам үшін әлеуметтік инновацияның тарихи үлгісі ретінде құндылығы бағаланады. Сонымен қатар қазақ қоғамының әлеуметтік, мәдени және саяси өмірінде маңызды орын алған бұл ұйымдар ұлттың рухани дамуына, ағартушылық пен ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына елеулі үлес қосты. Зиялылардың бастамасымен құрылған мәдени-ағартушылық, ғылыми, әдеби және қайырымдылық қоғамдардың қызметі талданып, олардың тарихи тәжірибесі қазіргі азаматтық қоғам институттарының дамуына ықпал еткен фактор ретінде бағаланады. Сонымен қатар, қазақ зиялыларының қоғамдық бастамаларға қатысу тәжірибесі жас ұрпақты тәрбиелеу, ұлттық бірегейлікті нығайту және әлеуметтік жауапкершілікті арттыру тұрғысынан сабақ боларлық құндылық ретінде ұсынылады.

Кілт сөздер: Қазақстандағы волонтерлік тарихы, ұлттық интеллигенция тәжірибесі, XX ғасырдағы ерікті қоғамдар, кеңестік дәуірдегі ағартушылық, мәдени-ағартушылық мұра, азаматтық бастамалар тарихы, әлеуметтік жаңғырту үлгілері

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің нысаналы қаржыландыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде дайындалды ("XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың бірінші жартысындағы Алаш зияткерлік элитасының тарихы мен шығармашылық мұрасы" грант ИРН BR18574180).

Ш.Т. Нурман¹, Ш.Б. Нурманова²

¹К.и.н., доцент, Факультет истории и права КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан. E-mail: shnurman64@gmail.com

²Магистр, старший преподаватель кафедры Истории, Международного казахско-
турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави
г. Туркестан, Казахстан. E-mail: shynar.nurmanova@ayu.edu.kz

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ДОБРОВОЛЬНЫХ ОБЩЕСТВАХ XX ВЕКА: ОПЫТ И УРОКИ

Аннотация

В статье рассматривается историческая преемственность волонтерской деятельности в Казахстане, а также роль национальной интеллигенции в работе добровольных организаций в 1920-1930-е годы. В научный оборот вводятся ранее не публиковавшиеся архивные документы, позволяющие выявить особенности просветительской деятельности интеллигенции и её вклад в общественную жизнь. Исследование раскрывает истоки волонтерского движения в Казахстане, специфику его развития в советский период и основные направления работы. Анализируются идеологическая направленность, общественные инициативы и институциональные формы волонтерской деятельности, а также их значение в социально-историческом контексте. Особое внимание уделяется государственной политике как фактору, определявшему соотношение гражданских инициатив и официальной идеологии. Просветительская, благотворительная и культурно-просветительская деятельность интеллигенции рассматривается как вклад в решение социальных проблем, сохранение национальной идентичности и модернизацию общества. Обосновывается ценность их опыта как исторического примера социальных инноваций, актуального для современности. Кроме того, эти организации, занимавшие важное место в социально-культурной и политической жизни казахского общества, внесли значительный вклад в духовное развитие нации, просветительскую деятельность и формирование национального самосознания. Деятельность культурно-просветительских, научных, литературных и благотворительных обществ, созданных по инициативе интеллигенции, рассматривается как исторический опыт, оказавший влияние на развитие современных институтов гражданского общества. Также опыт участия казахской интеллигенции в общественных инициативах представлен как ценность, способная служить уроком в воспитании молодого поколения, укреплении национальной идентичности и повышении социальной ответственности.

Ключевые слова: история волонтерства в Казахстане, опыт национальной интеллигенции, добровольные общества XX века, просветительская деятельность в советский период, культурно-просветительское наследие, история гражданских инициатив, модели социальной модернизации

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации целевой программы финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан («История и творческое наследие интеллектуальной элиты Алаша конца XIX – первой половины XX века», грант ИРН BR18574180).

Nurman Sholpan¹, Nurmanova Shynar²

¹*Candidate of Historical Sciences and Associate Professor of the Abai Kazakh National Pedagogical University,*

Almaty, Kazakhstan. E-mail: shnurman64@gmail.com

²*Senior teacher of the Department of History of the international Kazakh-Turkish university named after Khoja Ahmed Yasawi, Turkestan, Kazakhstan.*

E-mail: shynar.nurmanova@ayu.edu.kz

THE KAZAKH INTELLIGENTSIA IN VOLUNTARY SOCIETIES OF THE 20TH CENTURY: EXPERIENCE AND LESSONS

Abstract

The article examines the historical continuity of volunteer activities in Kazakhstan and the role of the national intelligentsia in voluntary organizations during the 1920s-1930s. Previously unpublished archival documents are introduced into scholarly circulation, revealing the specific features of the intelligentsia's educational work and their contribution to public life. The study identifies the origins of the volunteer movement in Kazakhstan, its distinctive features during the Soviet period, and its main directions. The ideological orientation, public initiatives, and institutional forms of volunteer activity are analyzed, as well as their significance in the socio-historical context. Special attention is given to state policy as a factor shaping the relationship between civic initiatives and official ideology. The educational, charitable, and cultural-enlightenment work of the intelligentsia is considered both as a contribution to solving social problems and as an effort to preserve national identity and modernize society. The article substantiates the value of their experience as a historical model of social innovation relevant to the present day. In addition, these organizations, which played an important role in the social, cultural, and political life of Kazakh society, made a significant contribution to the spiritual development of the nation, educational activities, and the formation of national consciousness. The activities of cultural-educational, scientific, literary, and charitable societies initiated by the intelligentsia are analyzed as historical experience that influenced the development of modern civil society institutions. Moreover, the experience of Kazakh intellectuals' participation in public initiatives is presented as a value that can serve as a lesson for educating the younger generation, strengthening national identity, and enhancing social responsibility.

Key words: history of volunteering in Kazakhstan, experience of the national intelligentsia, 20th-century voluntary societies, educational activities in the soviet period, cultural and educational heritage, history of civic initiatives, models of social modernization

Acknowledgment. *The article was prepared within the framework of the targeted funding program of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan ("History and creative heritage of the Alash intellectual elite of the late 19th – first half of the 20th century," grant IRN BR18574180).*

Кіріспе. XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Алаш зиялыларының ағартушылық қызметінің ерекше түрі ретінде еріктілер қоғамдарындағы жұмыстарын айтуға болады. Осы кезеңде зиялылар сауатсыздықты жоюға, мәдени дамуға және жалпы қазақ қоғамын жаңғыртуға бағытталған ағартушылық жобаларды жасауға белсенді қатысты. Қалыптасқан саяси ахуал және биліктің әлеуметтік шектеулеріне қарамастан, қазақ оқығандары мектептер, кітапханалар мен халық университеттерін ұйымдастыруда жетекші роль атқарды.

Бүгінгі таңда да XX ғасырдағы қазақ ағартушыларының бұл мұрасы азаматтық қоғамды, білім мен мәдениетті дамыту үшін маңызды. Себебі, XX ғасырдың 20-30-шы жылдары қалыптасқан көптеген идеялар білім беру жүйесін дамыту, мәдени әртүрлілікті қолдау, ұлттық дүниетанымды қалыптастыру және білімді тарату үшін өзекті болып қала береді. Оның үстіне, соңғы жылдары әлемдік саяси-мәдени қарым-қатынастардағы

өзгерістер, табиғи-экологиялық қауіп-қатерлер «волонтерлік» немесе өз еркімен көмектесу үшін бірігетін азаматтардың қызметіне қоғамның мұқтаж болатындығын көрсетіп отыр. Сондай қиын кезде біздің қоғамымызда пайдалы іс атқаруға өз еркімен белсене білек сыбайтын азаматтар болғандығы ұлт болашағына деген үлкен үмітті оятады. Осындай волонтерлік қозғалыстарға жол ашып, дем беру мақсатында Қазақстанда 2020 жыл «еріктілер жылы» деп белгіленді.

Дәстүрлі қазақ қоғамынан бастау алатын өзара көмек көрсету әдет-ғұрыптары мен қауымдық жауапкершілік дәстүрлері қазіргі волонтерлік қозғалыстың ұлттық бастауларын түсінуге мүмкіндік береді. Сол тарихи тәжірибеден бүгінгі заманға жарамды үлгілерін және болашаққа қажетті рухани-мәдени тұстарын зерделеу – қоғамдық дамудың тарихи сабақтастығын қамтамасыз етіп, қазіргі әлеуметтік жаңғырудың мазмұнын тереңдетеді.

Сонымен қатар, зиялылардың ағартушылық, қайырымдылық және мәдени бастамалары қоғамдық жауапкершілік пен еріктілік феноменін көрсетті. Олар жаңа туындылар жазу, кітап шығару, көпшілікті білім мен мәдениетке тарту арқылы қоғамның әлеуметтік проблемаларын шешудің нақты үлгісін жасады. Ерікті қоғамдардағы қызмет ұлттық бірегейлікті сақтаумен қатар, оны жаңа тарихи жағдайда жаңғыртуға бағытталды. Мәдени-ағартушылық жұмыстары арқылы зиялылар қоғамды модернизациялаудың өзіндік моделін қалыптастырды. Бұл қазіргі кезеңде ұлттық идеяны заманауи мазмұнда дамытуға, мәдени саясаттағы жаңа бағдарларды түсінуге айрықша маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, XX ғасырдағы ерікті қоғамдар әлеуметтік инновацияның алғашқы үлгісі болды. Шектеулі ресурстармен халыққа кеңінен ықпал етуі – бүгінгі әлеуметтік кәсіпкерлік пен креативті индустрияларға тарихи аналог ретінде құнды.

Сондықтан қазақ зиялыларының ерікті қоғамдардағы қызметінің үлгілерін зерттеу қазіргі Қазақстан үшін айрықша өзекті. Ерікті қоғамдардың және жалпы еріктілер қозғалысының тарихи феномені әлі де терең зерттелмеген әлеуметтік тәжірибелердің бірі деп есептейміз. Сол себепті, Қазақстан тарихындағы 1920-1930-шы жылдарда қалыптасқан ерікті қоғамдардың тарихын біртұтас процесс ретінде зерттеу, олардың қызметін және қазақ зиялыларының қосқан үлесін қайта қорыту мақсатын іске асыру маңызды зерттеу қатарында. Ал жас ұрпаққа тәлімі, «зиялы дегеніміз – білімді болумен қатар, ең алдымен қоғамға қызмет ету» екендігі туралы ойды негіздеуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің деректік негізін архив құжаттары, сол кезеңдегі мерзімді басылым материалдары, қазақ зиялыларының еңбектері мен жазбалары, ерікті қоғамдардың ережелері, жарғылары мен есептері құрады. Архив құжаттары мен мерзімді басылым материалдары жинақталған басылымдар түрінде де жарық көрді. Мысалы, «Алаш мұрасы», «Алаш қозғалысы», «Қазақстанның зияткерлік тарихы бойынша мәтіндер мен дереккөздер» сияқты құжаттар жинағы зерттеудің деректік базасын толықтырды.

Зиялылардың өз естеліктері мен замандастарының мемуарлары ерікті қоғамдардағы қызметті ішкі қырынан түсінуге мүмкіндік береді. Кейінгі жылдары қазақ зиялыларының ағартушылық және қайырымдылық қызметіне арналған диссертациялық зерттеулер, мақалалар жарық көруде. Мұндай жұмыстарда зиялылардың қызметі терең талданады, тың мәліметтер беріледі.

Бұған қоса, тақырып бойынша жарияланған отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері ғылыми әдебиеттер ретінде пайдаланылды. Олардың қатарында, қазақ зиялыларының өмірі мен қызметін кешенді түрде қарастыратын іргелі монографиялар бар. К.Нұрпейістің «Алаш һәм Алашорда», М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы», Д.Қамзабекұлының зерттеулері деректердің кең спектрін пайдалануымен және әлеуметтік контексті ашуымен құнды.

Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу әлеуметтік тарих, мәдениеттану, тұлғатану, деректану және тарихнамалық талдау тәсілдеріне сүйенеді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзара көмек дәстүрлері мен зиялылардың қоғамдық қызметін салыстыру үшін тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылса, ерікті қоғамдардың ресми құжаттары, архив материалдары, баспасөз материалдарын зерделеуге құжаттық талдауға жүгіндік.

Сонымен қатар, зиялылардың еңбектеріндегі қоғамдық қызметке қатысты идеялары мен көзқарастарына мазмұндық талдау жасау маңызды. Тарихи реконструкция зиялылардың қызметін сол кезеңнің әлеуметтік-мәдени контекстінде қайта құруға мүмкіндік берді. Тарихи өткен мен бүгінгі қоғамдық процестер арасындағы байланыстарды сабақтастық ұстанымы арқылы анықталды. Осындай әдіс-тәсілдердің кешенді қолданылуы қазақ зиялыларының ерікті қоғамдардағы қызметін жан-жақты талдауға және оның қазіргі қоғам үшін тәлімдік мәнін айқындауға негіз жасады. Қазақстандағы еріктілер қоғамдар қызметінің тарихи сабақтастығы және ұлттық зиялылардың осы қозғалысқа қоғамдық ерікті ұйымдар арқылы 1920-1930-шы жылдары қаншалықты қатысы болғандығын және қалай атсалысқанын қадағалау мәселесін жан-жақты және объективті түрде қамту мүддесінде ғылыми айналымға жаңа, бұрын жарияланбаған құжаттар, сондай-ақ еріктілердің қоғамдық және практикалық қызметі туралы жарияланған зерттеу материалдары енгізілді. Оның ішінде, біздің зерттеу тақырыбымызға орай, ерікті қоғамдардың ағартушылық қызметі мен орны қандай болды деген сауалға жауаптар қарастырылды. Осы мақсатта отандық еріктілер қоғамының тарихи бастаулары, оның дәстүрлі және кеңестік ерекшеліктері мен қызметтерінің негізгі бағыттары айқындалды. Елдің күшін ортақ қажеттілікке жұмылдыру мен халықтың әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға қатысуының трансформациялық процесі кең тарихнамалық контексте түсіндіріледі. Идеологиялық бағыты белгіленді, қоғамдық бастамалар, волонтерлік қызметтің институционалдық нысандары, оның көрініс табуының тарихи тәжірибесі нақтыланды. Ерікті қоғамдық ұйымдардың даму тенденциялары және оның Қазақстан тарихындағы рөлі көрініс тапты. Зерттеу аясында еріктілер қозғалысын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатқа да көңіл бөлінеді.

Талқылау. Қазақ зиялыларының XX ғасырдағы ерікті қоғамдардағы қызметін зерттеу бірнеше кезеңнен тұратын тарихнамалық дамуға ие. Тақырыптың тарихнамалық талдауы барысында тарихи-географиялық/идеологиялық және мазмұндық ерекшеліктері байқалды. Зерттеу еңбектерін кеңестік, қазақстандық және шетелдік деп жіктеп қарастыру идеологиялық эволюцияны анықтауға мүмкіндік береді. Ал оларды мазмұны мен типі бойынша жіктесек, дерек пен талдаудың жанрлық ерекшеліктерін ашуға көмектеседі.

1920-1930 жылдардың басындағы кеңес әдебиетінде қоғамдық ұйымдар тақырыбы салыстырмалы түрде кең қарастырылды. Дегенмен, ол жұмыстардың басым бөлігі насихаттық сипатта жазылған. Бірқатар тарихнамалық еңбектер де бар. Оларда негізінен қоғамдық ұйымдар тақырыбына қатысты шыққан жарияланымдардың атауы аталып, сипаттамалық мәліметтер тізбектеліп беріледі [1].

1930 жылдардың ортасына қарай бірқатар қоғамдар таратылды, көптеген қоғамдар қайта құрылымдауға ұшырады. 1930 жылдардың ортасынан 1960 жылдардың ортасына дейін аралығында жекелеген ерікті қоғамдардың мерейтойларына байланысты сирек басылымдар ғана пайда болды. Шындығында, аталмыш басылымдар бұл қоғамдардың әдеби өңделген есептері деуге келеді. Оларды дереккөзі ретінде қарастыруға болады. Басылымдарда қоғамдар туралы бай фактілер бар [2].

Талдау тұрғысынан қазақ қоғамында қоғамдық белсенділік пен өздігінен ұйымдасу дәстүрі болды ма, әлде сырттан келген құбылыс па деген пікір қызықты. Осы пікірді зерделеуге арналған еңбектер бар. Бұл еңбектер қазақ қоғамының дәстүрлі кезеңін, кеңестік кезеңін және тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдерді қамтып қарастырады. Сонымен, дәстүрлі қазақ қоғамында мұндай қозғалыс және оның өзіндік атауы болды ма деген сұрақтың жауабы қандай? Зерттеушілер оның қазақ қоғамында ертеден болғанын дәйектейді. Мысалы, мұқтаждарға қолұшын созу, жасы үлкен адамға көмектесу, жетім-жесірге қамқор болу қазақ қоғамының ертеден ұстанатын қағидалары қатарында екендігі атап көрсетіледі. Бұндай нәрсені «далалық өзара көмек», «асар», «жерлеу және ас беру кезіндегі туыстардың көмегі» деп түрлі атаулармен белгілеген [3]. Яғни, көктемгі су тасқыны, жер сілкінісі, сел немесе басқа да табиғи апаттар кезінде зардап шеккендерге, адамы қаза болған отбасыларға – халықтың бірігіп материалдық және қаржылық көмек

көрсету дәстүрі. Сонымен қатар, баспана салу, шөп ору, егіндік орақ кезінде астықты жинап алу, құдық қазу сынды күрделі жұмыстарды бүкіл жұртшылық бірлесе жұмылып, бір-екі күнде бітіріп беру «асар» дәстүрі де қоғамда берік орныққан өмірлік салттар қатарында. Өзара көмек дәстүрлері туралы кезінде белгілі зерттеушілер А. Левшин, Ә. Диваев, М.Ж. Көпейұлы, М. Шорманов, Т.Шевченко, В.Григорьев және басқалары жазғанын көрсете отырып, тарихшы З. Қабулдинов орыс көпестерінің бірі Д. Белов сырдариялық қазақтар өмірінен келтіретін мынадай мәліметті алға тартады: «Қырғыздарда (қазақтарда) бір-біріне көмектесу салты бар... Бірнеше адам жер жыртуға немесе пішен жинауға шақырылады, қожайын оларды етке тойғызып, содан кейін іске кіріседі; жұмыс аяқталғаннан кейін әркім өз ауылдарына тарасады. Мұндай көмек әдетте малы жоқ немесе қартайған және балашағалы адамдарға көрсетіледі... Қоңсылас әйелдерді шақырып, киіз басу да осындай ізгілікті істердің бірі»[4].

Келесі кезең кеңестік дәуірлік атауы. Бірқатар зерттеушілер еріктілер немесе волонтерлер деген атаулар тек осы нәрсе «жүйеге түсіп, заңдық тұрғыда реттеліп, мақсаттары мен міндеттері анықталып, жаңа бір деңгейге көтерілген» кезде қолданысқа енгенін айтады [5]. Сонымен, кеңестік тұста қоғам және бұқара халық мәдени-ағартушылық саласындағы көмекке зәру еді. Атап айтқанда, жаппай қоғамды «сауаттандыру» мәселесі туындады. Осыған байланысты ерікті қоғамдық ұйымдар пайда болды. «Ерікті қоғам» ұғымы өзі ұйымдық атау ретінде алғаш рет партиялық құжаттарда, қоғамдық-саяси және құқықтық кеңестік әдебиеттерде пайда болды. 1930 жылға дейін заңнамада революцияға дейінгі заңнамадан кеңестік тәжірибеге енген «пайда табу мақсатын көздемейтін қоғамдар мен одақтар» ұғымы қолданылды. «Ерікті қоғамдар» ұғымы болса, бірте-бірте енді.

Кеңестік дәуірдің 1920-шы жылдарын Ресей тарихшылары «әлеуметтік саладағы «жаңа экономикалық саясат» болды» деп бағалайды [6]. Себебі, осы жылдар ішінде Кеңестер Одағында көптеген мәдени мәселелерді шешуге атсалысқан белсенді қоғамдық бірлестіктердің саны өте көп болған «алтын ғасыры» еді дейді. Мұнан кейінгі кездерде кеңес қоғамы қоғамдық ұмтылыстың, қоғамдық шығармашылықтың мұндай өрлеуін білмеді.

Кеңес дәуірінде тақырып идеологиялық шектеулермен қарастырылып, ерікті қоғамдардың қызметі көбіне социалистік құрылыстың құрамдас бөлігі ретінде сипатталды. Бұл кезеңде жарық көрген еңбектерде қазақ зиялыларының қоғамдық қызметіне кеңестік модернизация мен «таптық күрес» призмасы арқылы баға берілді. Десек те, сол кезеңнің мерзімді басылымдарында жарияланған мақалалар мен очерктер деректік тұрғыдан, мәселенің ішкі астарына қанық болу жағынан құнды болып табылады.

1990-жылдардан бастап зерттеу бағыты түбегейлі өзгеріп, қазақ зиялыларының қызметі ұлттық жаңғыру мен мәдени мұра тұрғысынан қарастырыла бастады. М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, К. Нұрпейіс, Д. Қамзабекұлы сияқты ғалымдар алаш қайраткерлерінің ағартушылық, мәдени, және қоғамдық қызметін жаңа қырынан талдады.

Тақырыпқа қатысты шетелдік зерттеушілердің еңбектері де маңызды. Ресей тарихшыларының бірқатары Орта Азия мен Қазақстандағы қоғамдық ұйымдар тарихын жалпы империялық контексте қарастырады [7]. Түрік зерттеушісі М.Х. Явуз мұсылмандық қайырымдылық дәстүрін және жәдидшілдік қозғалысын аймақтық тұрғыдан бағамдайды [8]. Батыс зерттеушілерінің өкілдері мұны мұсылман қауымындағы әлеуметтік модернизация үдерістерінің бөлігі ретінде талдайды [9].

Тақырыптың тарихнамасы кеңестік идеологиялық шектеулерден арылып, тәуелсіздік жылдары жаңа әдіснамалық тұрғыда толықты. Дегенмен, қазақ зиялыларының ерікті қоғамдардағы қызметін азаматтық қоғамның тарихи бастауы ретінде кешенді қарастыру әлі де жеткілікті деңгейде дамымаған бағыт болып отыр.

Зерттеу нәтижелері. Қазақ зиялыларының өзара ұйымдасу туралы пікірлерін Бейімбет Майлиннің 1913 жылғы жазбаларынан іздеп көрсек. Ол «жігіт сыны одақтасып іс қылғанда белгілі болады» дей келе, «осы күнгідей бірігіп істейтін іс – өнер болмаған соң, ...сырлас та бола алмадым» деп өкініш айтады [10, 117-118]. Б. Майлин зиялылардың бірігіп іс

атқаруын, халқының қамын бірге жеуін «сырласу» деп сипаттауынан өзіне етене жақын дүниесімен бөлісу деп қабылдауын және оны «өнер» деуін бірлескен іс-қимылдың жаңа формаларының болуын меңзегені деп ұғамыз.

Зиялылар ағартушылық міндеттерін атқаруға құлшына кіріскенін тарих көрсетіп берді. Алғашында қаржымен жәрдем беру, «қаламмен» жәрдем беру (газет беттеріне мәліметтер мен мақалалар жіберу) деп аталатын ерікті қайырымдылық қызметтерін көреміз. Мысалы, енді шыға бастаған газет-журналдарға шығын жарнасын көтеруге қаржылық көмек, қазақ балаларын «оқытуға жәрдем жамғатын» ұйымдастыру сияқты қайырымдылық жұмыстарынан бастау алды. Мұнан кейінгі ұйымдасулардың мақсаты кеңіп, жұмыстар да ірілене түсті. Смағұл Сәдуақасұлы жастарға арнаған жазба-үндеулерінде не істеу керек дегенде, олар ұйымдасуы және бірлесуі керек, ол ұйымдарында болашақ тұрмысқа даярланып, өткеннен тәжірибе алып, үйреніп білімін толтырады дейді [11, 24]. Сонымен қатар, ұйымдарға бірігудің қазақ даласындағы өмірдің ерекшелігімен де байланысын көрсетеді. Қазақ ауылдарының бір-бірінен алыс орналасуы, ауылдағы үй санының көп болмауы, жастардың бірін-бірі танымауына, жақсы таныс болмауына алып келді. Екіншіден, әркім тек өзіне керектіні айтып, өз білімін ғана көздеп, өз ойына келгенді үйренсе, жастар мақсатына жете алмайды деп ойлады.

Бұл ұйымдардың жұмысының ең керектісі ағарту жұмысы болды. Жастарды ағарту жұмысы қазақ тіліндегі әдебиеттер мен газет-журналдарды тарату және оқу арқылы іске асыру әдісі қолданылды. Бұл жұмысты іске асыруға кедергі болатын жастардың сауатсыздығы болса, екінші жағынан қазақ тіліндегі әдебиеттің тапшылығы. Мұндай жағдайда қолданылған әдіс-жолдары мынадай болды:

- «витрина» деп аталатын жалпақ тақтайға газеттер жапсыру, содан кейін витрина жанына жиналып газеттерді оқу,
- «қызыл пәуеске» деп аталған қаладан арбаға кітап, газеттер салып алып, оны тарату және ауызша насихат айту,
- үлкен ауылдарда кітапхана ашу т.с.с.

Ұйымдардың қызметіне қазақ зиялылары белсене араласты. Ағартушылықтың басты мақсаты халықтың мәдениеті мен әдебиетін алдыңғы қатардағы жұрттарға қосу, «ұлтшылдық сезімін туғызу және ұлттықты сақтау» деп білді. Халыққа, әсіресе, жастарға ұлтты сүю сезімін сіңдіру үшін

- халық әдебиетін жинау, ол әдебиетті үлкен және кіші кітаптар етіп бастырып шығару, театр кітаптарын бастыру, газет-журналдар шығару,
- бастауыш және орта мектептерге кітаптар жазу,
- шәкірттерді мектепке даярлайтын курстар ашу, мұқтаж шәкірттерге жәрдем көрсету,
- спектакль, концерт, басқа ойындар жасап, театр ұйымдастыру міндеттерін алға қойды.

Зиялылардың ағартушылық қызметтерінің бірі театрлар ұйымдастырып, қойылымдар қою, әдебиет кештерін ұйымдастыру. 1920-шы жылдардағы бұқаралық ақпарат көздері осы шамалас жұмыстар туралы өте көп мағлұмат береді. Сұлтанбек Қожанов Ташкенттегі сондай бір кештен соң «бұл күнгі жиылған қазақ-қырғыз Колизейдің іші толған әлеумет. Ұйықтаған көңілі бір оянып, жақсы рухпен тарасты... Мұнан былай, басқа халық ағарту істерінің қатарында қазақша театр ісі де болуын лайықты деп тауып, Ташкентте театр ойыншылары ұйымы ашылмақ» дейді[12, 245]. Мысалы, 1920 жылы Қызылжардағы қазақ жастарының «Талап» ұйымы «Новый совет» театрында Қ. Кемеңгеровтың «Алтын сақинасын» қойды. «Талап» жан-жақтан театр кітаптарын көшіртіп алып, ішіндегі тәуірлерін қойылым етіп шығармақ деп хабарлайды[12, 290]. Дей келе, Қызылжарда тұратын қазақ көп болса да, елді ағарту ісіне қыздарын қатынастырмайды деп қынжылыс айтады.

Сол жылдың желтоқсан айында Ташкентте қазақ-қырғыз институтында кеш ұйымдастырылады. Кеште ән шырқап, өлең оқып, ұрандасып, ұйымдасып, өздері үшін бір айрықша жиналыс өткізу мақсатында жасайды. Онда Міржақып Дулатов пен Сұлтанбек

Қожанов жастарға үндеу тастап, қазақ халқының тарихи халін баяндайды. Уәлихан Омарұлының «Нұржан» және Х.-ұлының «Айдалы қонақ» бір перделі комедиялары ойналады[12, 141]. Ал 9-шы қаңтарда Ташкентте мемлекет театры «Колизейде» қазақ-қырғыз сауық кеші болып өтті. Бұл сауықты Ташкенттегі қазақ-қырғыз институты атынан сол институттың оқушылары мен оқытушылары қояды. «Белгілі қазақ жазушысы М. Дулатұлы жазған «Балқия» деген драма ойналды»[12, 243]. Газет бетіндегі тағы бір хабарда Ақтөбе уезі Батпақты болысының 11-ші ауылындағы Батпақты мектебінде өткен әдебиет кеші туралы айтылады. Сауыққа ауылдың «ақсақал-қарасақалы, қатын-қыздарына дейін келіп, балалардың әр түрлі ән шырқап, хор, декламациялар жасағанын» және жиылған әлеуметтің өте көңілді тарап, ойын қызықты өткенін хабарлайды[12, 272].

Түркістан қаласындағы мектеп коммунасында, 21 желтоқсанда қазақ жастары тарапынан тұңғыш әдебиет кеші жасалды. Түркістан қаласындағы халық үйінде қаңтардың 2-сі күні қазақ жастары тарапынан спектакль қойылды. Тамашаға қойылған Райымбек Айтжанов өзгертіп, бес перделік драмаға айналдырған М. Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» деген кітабы[12, 349]. Тағы да бір сондай кеште Сейітжаппар Байсейітовтың «Қазақ тұрмысы» пьесасы қойылып, түскен пайда кәріптер мен мұқтаждарға берілгенін хабарлайды[13, 241]. 23 наурыз сейсенбі күні «Луначарский» театрында Наурызға арналып «Жебір болыс» атты Жүсіпбек Аймауытұлының үш перделік драмасы ойналды[13, 362] деген сияқты осындай рухани іс-шаралар туралы мол-мол хабарлар жазылып жатты.

Қазалы уезі, Қамысты поселкісінде 1920 жылдың 11 сәуірінде қазақ мектебінде оқушы мен оқытушылар тарапынан сауық кеші қойылды. Қайып Төртбақтың 3 шымылдықты «Әділдік» атты комедиясы ойналды. Ойынға 5-6 шақырым жердегі қазақ жастары, қыз-келіншектері де келген еді. Ойын ақырында жастар хор, декламациялар, жеке ән салулар болды[14, 141]. Шымкентте балалар жетісі уақытында «Алмаған сылқым» деген Б.Тарбаев пьесасы, екінші күні «Ескі залым құрысын» деген С.Байжанов пьесасы ойналды[14, 366]. Сахналық қойылымдар қазақ қоғамының түрлі тақырыптағы мәселелерін көтерді. Халыққа түсінікті етіп ойын-сауық түрінде қызықтыра отырып, ой салуға драмалар мен комедиялар қою арқылы жол тапқан қазақ зиялылары бастамашы болғанына дәлелдер бердік.

Бұл үрдіс кеңестік кезеңнің 1920-шы жылдары еріктілер қозғалысына ұласты. «Ерікті ұйым» немесе «пайда табу мақсатын көздемейтін қоғамдар мен одақтар» ұғымы 1922-1928 жылдар аралығында партия және заңнамалық құжаттарда, қоғамдық-саяси әдебиетте қолданыла бастады. 1922 жылы Кеңес мемлекетінің қоғамдар мен одақтар туралы алғашқы заң актісі шықты. Бұл құжат 1920 жылдардағы қоғамдық ұйымдардың қызметінің ресми негізі болып қана қоймай, сонымен бірге көптеген қоғамдар мен одақтардың құрылуына іс жүзінде ықпал етті. Жаңа экономикалық саясаттың либералдық толқынында пайда болған қоғамдық ұйымдар жүйесі сол кездегі көптеген демократиялық бастамалардың қиын тағдырын бөлісті және 1920 жылдардың аяғында олар жаппай қысқартылды. 1928 жылы қабылданған «Пайда мақсатын көздемейтін қоғамдар мен одақтар туралы ереже», қоғамдық ұйымдардың санын қысқартуға, олардың қызметіндегі дербестікті және шығармашылықты азайтуға және жоюға негіз болды.

Жаңа экономикалық саясаттың алғашқы жылдарында нарықтық қатынастардың біршама еркіндігіне байланысты ерікті, мәдени-ағартушылық, қайырымдылық және т.б. деген желеумен құрылған көптеген, көбінесе кәсіпкерлік сипаттағы қоғамдар кең тарады. Алайда, революцияға дейін мұндай ерікті қоғамдардың мүшелері негізінен зиялы қауым өкілдерінен құралды, сол себепті олардың саны да аз болды. Мысалы, 1923 жылы КСРО-да он үш ғылыми-техникалық қоғам болды, оның сегізі 1917 жылдың қазанына дейін құрылды. Мұнан кейін қоғамдарды құру мақсатты түрде, биліктің бақылауымен және үлкен масштабта жүргізіле бастады.

Олар қандай қоғамдар еді? КСРО аумағында бірқатар ерікті қоғамдардың құрыла бастауы, Қазақстанға да сондай серпін берді.

Сонымен, РКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының 1925 жылдың 7 ақпанындағы «КСРО-дағы МОПР жұмысының сипаты мен мазмұны туралы» қаулысында

қоғамның негізгі міндеттері мен ұйымдастыру формалары анықталды. МОПР Орталық Комитеті құрылды. 1925 жылдың 16 ақпанында Ұйымдастыру бюросының «Ерікті бұқаралық ұйымдар туралы» шешімі қабылданып, онда қоғамдардың басқару органдарындағы жұмыс партия жұмысының бір түрі ретінде қарастырылады деп бекітілді. Ал 14 маусымда «Радионың достары қоғамдарына көмек көрсету және басқару туралы» шешім қабылданды.

1920 жылдардың аяғынан барлық ерікті шығармашылық ұйымдардың біріктіру және биліктің сеніміне енбеген немесе күдік тудырған ұйымдарды жабу, біріктіру және қысқарту басталды. Мысалы, 1927 жылы «Доброхим» химиялық қорғаныс және химия өнеркәсібі достарының қоғамы мен Авиахим және химиялық қорғаныс және өнеркәсіп достарының қоғамы «Авиахим» болып біріктірілді.

1928 жылы Бүкілодақтық ғылым және техника қызметкерлерінің қауымдастығы (ВАРНИЦО) «Көпшілікке арналған технология» құрылды. 1929 жылы бірлестік негізінде ғылыми-техникалық жұмыс саласындағы жұмысшылар қауымдастығы, Өндіріс және басқару технологиясы (ARNOT) пайда болды.

1927 жылдың мамырында ВКП ОК-нің «Ерікті қоғамдардың жұмысы туралы» қаулысында «Радионың достары қоғамы, «Сауатсыздық жойылсын қоғамы», «Құдайсыздар» қоғамы сияқты бұқаралық ұйымдардың қызметінің негізгі нысандары анықталды.

Мұрағат құжаттарындағы 1926-1927-ші жылдардағы деректерде Қазақстанда осындай 11 ерікті қоғамның тізімі беріледі. Олар:

1. «Сауатсыздық жойылсын» қоғамы (Общество долой неграмотность (ОДН))
2. Авиация және химия құрылысына жәрдем қоғамы (Авиахим)
3. Революциялық күрескерлерге көмек көрсетудің халықаралық қоғамы (МОПР)
4. Қазақстанды зерттеу қоғамы
5. «Қазақ тұрмысын жақсарту қоғамы»
6. Балалардың достары қоғамы (Общество друзей детей (ОДД))
7. «Радионың достары қоғамы»
8. «Киноның достары қоғамы»
9. Казнобис
10. Қызыл Крест қоғамы
11. «Құдайсыздар» қоғамы [6].

Бұл қоғамдардың барлығы да ағартушылықпен, атап айтқанда, мәдени, экономикалық, саяси, техникалық және басқа да салалар бойынша білім таратумен айналысқан. Қазақстандағы ерікті қоғамдар туралы мұрағат мәліметтеріне сүйенсек, олар ағартушылық мақсатты бірнеше бағыттарда іске асырған. Осы ретте, оларды атқарған нақты мақсаттарына қарай бөліп және бірқатар салалар бойынша атқарған қызметтеріне тоқталамыз.

Бұл қоғамдар 1920-30-шы жылдардың басында құрылған және Қазақстанның аймақтарында филиалдары қызмет жасаған. Қоғамдардың басшылық қызметінде Мыңбаев, Нұрмақов, Жандосов, Шонанов сияқты көрнекті қайраткерлер мен басқа да ағартушылар болған.

ОДН (Общество Долой Неграмотность) немесе Общество Долой Неграмотность Казахстана – Мыңбаев пен Шонанов осы қоғамның бірі төрағасы, екіншісі жауапты редакторы болған.

Авиахим немесе Осоавиахим (Общество содействия обороне, авиационному и химическому строительству) ерікті қоғамы - қорғаныс, авиация және химиялық құрылысқа жәрдемдесу қоғамы. Немесе әуе флоты мен Доброхим достары қоғамының бірлестігі деген де атауы кездеседі. Осы қоғамның төрағасы болған Н. Нұрмақовтың «Кеңестер Одағының сыртқы жайы және ОСОАВИАХИМ қоғамының міндеті» жайлы кітабы 1927 жылы Қызылордадан шыққан.

Общества изучения Казахстана. Бұл ерікті қоғамның төрағасы – О. Жандосов. Бұл қоғамның да бірқатар құжаттары анықталды.

Общество оздоровления казахского быта. Бұл қоғамның жарғысы мен жоспарларында Қазақстанды зерттеу қоғамымен тікелей байланысы болғанын О. Жандосовтың бұл қоғамның жұмысына да қатысы бар екенін байқадық.

ОДД (Общество друзей детей) – Балалардың достарының қоғамы. Бұл қоғам туралы да жақсы материалдар анықталды.

Общество друзей кино, Общество друзей радио, Безбожник деген сияқты қоғамдар туралы құжаттарды Президент архивімен қатар, Алматы қалалық архивінен де таптық. Солардың қатарында 1929 жылғы «Устав друзей советского кино» атап көрсетуге болады.

XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларының алдына қойған зор мақсаттарының бірі халықты жаппай сауаттандыру болды. Себебі, ұлтты ояту, оны білімге және ғылымға көзін ашу міндеттерін орындаудан бастау алары белгілі еді. Алаш арыстары халықты оятуда ағартушылық идеясын басшылыққа алды. Ол ағартушылық ұлттық құндылық мен әлемдік гуманизм қалыптастырған мәдениет арқылы білімді ұрпақ тәрбиелеу мақсатын алға қойды. Ел мен ұрпақты сауаттандыру, ғылыммен таныстыру мақсаты Алаш қайраткерлерінің білімнің түрлі саласына арналған көптеген оқулықтар жазуына алып келді. Нәтижесінде оқу-ағарту саласының өркениетті мазмұнда жетіліп-өсуіне зор үлес қосылды.

Сауатсыздықты жою мақсатындағы жобалар. Зиялылардың қоғамдық-ағартушылық қызметінің арасында жастар мен ересектерді сауаттандыру қызметін ерекше атаймыз. «Сауатсыздық жойылсын» қоғамында осы мақсатты іске асыруға атсалысқан қайраткерлердің қатарында Ж. Мыңбаев пен Т. Шонановтар болды. Қысқарған түрде ОДН – Общество Долой неграмотность немесе Общество Долой Неграмотность Казахстана деп аталған «Сауатсыздық жойылсын» қоғамы. Деректерде Мыңбаев (Мунбаев) пен Шонанов (Шананов) осы қоғамның бірі төрағасы, екіншісі жауапты хатшысы болған. Шонановтың қоғамның атқарған жұмысы туралы жазбаша есебі туралы хаттамаларда айтылады. Бұл есеп табылмағанмен, аймақтардағы қоғам филиалдарының жұмысының есептері анықталды. Солардың бірқатары төмендегі құжаттар көрсеткішінде берілді.

Төмендегі кестеде 1923/24 оқу жылының қаңтар-наурыз айларындағы сауатсыздықты жою науқанының нәтижесі бойынша мәліметтер [15]:

Губерния атаулары	Сауатсыздықты жою пункттері			Оқытылғандар саны		
	орыс	қазақ	барлығы	орыс	қазақ	барлығы
Оренбург		70	4 74		2450	140 2590
Семей		27	23 50		910	775 1685
Ақмола		94	33 127		3395	1260 4655
Орал		14	18 32		555	695 1150
Қостанай		59	16 75		-2065	560 2625
Бөкей		-	34 34		--	1190 1190
Ақтөбе		19	35 54		665	1225 1890
Адай уезі		-	6 6		-	75 75
Ташкент.т/ж бойы		4	- 4		-	- -
Барлығы		87	169 456		10 040 5 920	15 960

1920-шы жылдары билік тарапынан сауатсыздықты жоюға қатысты нұсқаулар жиі шығарылып тұрды. Сондай циркулярлардың негізгі мазмұны төмендегідей негізгі мәселелерді көтерді (тезис түрінде көрсетілді):

1. Халықтың сауаттылығы – елдің өнеркәсіп өнімділігінің негізгі шарты, сол себепті сауатсыздықты жою – қарқынды жүргізілетін жұмыс болып саналады.

2. Сауатсыздықты жою мерзімі тек 30 жасқа дейінгі халықты есепке алғанда, 1930 жыл болып саналады. Үлкен жастағылар арасында мәселе ашық күйінде қалды.

3. Қазақ жұмысшыларына көбірек көңіл бөліңіз, олардың арасында сауатсыздық пайызы ең жоғары болып тұр.

8. Әскери және полиция бөлімшелерінде жаңадан келген барлық сауатсыз адамдар сауатсыздардың арнайы жасақтарына бекітілсін. Олар үшін мектепке бару – жауынгерлік міндет деп саналсын.

9. Әрбір 2 болыс үшін 1 орталық жою пункті ашылуы керек. Оның шығынын мемлекет қаржыландырады. Жалақы, кеңсе тауарлары және оқу құралдары мемлекет есебінен болады.

11. Ұйымдастырылмаған халықты сауаттандыру пункттері жергілікті қаражат есебінен ұсталады. Бұл білім саласына бөлінген қаржының 10%-н құрайды.

13. Бұрынғы астықты аудандардың ауқаттылары тобына әліппе және кеңсе тауарларының 50%-ы ақылы түрде сатылады.

16. Қазақ мектептеріне педагогикалық білімі бар адамдар мұғалім қызметіне шақырылады. Ондайлар болмаған жағдайда, сауатты, көзі ашық қазақтар мұғалім болады [15, 93-946.].

Бұл циркуляр 24 пункттен тұрады. Солардың тақырыпқа қатысты тұстарын қысқартып көрсеттік.

Сонымен қатар, билік тарапынан сауатсыздықты жою барысын барынша өз бақылауында ұстау, осы шарамен айналысатын ұйымдар мен үйірмелер жұмысын тексеру жолға қойыла бастады. Мысалы, «Қазақстандағы партия ішілік үгіт-насихаттың жақын арадағы міндеттері» жобасында сауатсыздықты жою науқаны мен онымен айналысатын ерікті қоғамдардың ішіндегі бірқатар ортақ кемшіліктер аталады:

1. Бағдарламалық-әдістемелік жетекшіліктің толық дерлік жоқтығы, оның жүйесіздігі, әсіресе ауыл мен деревнядағы және мектептер мен үйірмелердің құрамының ағымдылығы, олардың сабақтарының жиілігіндегі кездейсоқтық және уақыттың созылмалы болуы.

2. Ұйымдастыру формаларының әртүрлілігі, үйірмелердің шамадан тыс көптігі, коммунистік ағартушылық жекелеген элементтерінің арасында қалыптасқан байланыстың болмауы.

3. Әсіресе қазақ тіліндегі оқу құралдарының жоқтығы.

Аталған кемшіліктерді және жұмыс барысын жоспарлаудың жолы ретінде қарастырылды:

Қазақ тілінде оқулықтар шығаруға қатысты - қазақтардың өмірінен мысалдар келтіретін қазақ тілінде оқулық құрастыру қажет деп бекітілді.

Сауаттылықты сабақтарын ұйымдастыруға қатысты - қыста қазақтар үшін жиналыс, көшпелі мектептер мен өзін-өзі сауаттандыру үйірмелерін ұйымдастыру.

- қысқы кезеңде ауылдар мен ауылдардың РКП мүшелері мен кандидаттарының 50%-ға дейінгі саяси сауатсыздығын жою міндетін қою; және техникалық сауатсыздықты 1925 жылдың 1 мамырына қарай 100%.

Қазақ коммунистерінің техникалық және саяси сауатсыздығын жою үшін көктемгі және жазғы жайлауларда лагерлерді кеңінен пайдалану керек деген нұсқау берілді.

Құжат мазмұнынан көріп отырғанымыздай, сауаттылықты жою оқу-жазуды үйренуден ғана емес, сонымен қатар саяси және техникалық сауатсыздықты жоюды да қамтыды.

Ауыл шаруашылығындағы сауатсыздықты жою жөніндегі жұмыс туралы мұрағаттық деректерде, арнай комиссия жұмыс істегенін анықтадық [16].

Бұл комиссияның құрамында белгілі қайраткер Жаманмұрынов болған. 1921-1922 жылдармен белгіленген құжаттарда арнайы ауыл шаруашылық комиссиясы құрылып Шендельс (Обком РКП) ауыл-шаруашылық комиссиясының төрағасы, ал Жаманмұрынов хатшысы (Кирнаркомзем) болып сайланғаны көрсетіледі. Ауыл шаруашылығындағы сауатсыздықты жою үшін бірқатар ауыл шаруашылығы курстарын ашу әзірлеу жоспарланды. Губерниялық емес ұйымдарға тиісті нұсқаулықтарды шығару. Листовка-Парақшалар, Брошюралар дайындау, егіншілер мен малшыларға арналған әдістемелік құралдар жинағын басып шығаруды дайындау белгіленді. Жаманмұрыновқа егіс науқаны

бойынша, көктемгі егіс науқанының техникалық насихат барысын жүргізу жүктелді [16, 69-б.].

Қазақстан жағдайында құрғақшылыққа қарсы ауыл шаруашылық күресті жақсарту бойынша кейбір шаралардың орындылығын шешу, ауыл шаруашылығы сауатсыздығын жою үшін мектептер желісін ұйымдастыру мәселелерін шешу, олардың қатарында бағдарлама негіздерін жасау, курстың ұзақтығы, материалдық және қаржылық қамтамасыз ету және т.б. мәселелерді шешу қойылды.

Әр губерниядағы мектептердің саны, парақшалар, брошюралар, плакаттар, әңгімелер шығару туралы шешім қабылданды. Жергілікті комиссияның түпкілікті құрылысы туралы, олардың жергілікті билік органдарымен және орталық комиссиямен қарым-қатынасы туралы мәселе қарастырылды.

Ауыл шаруашылығындағы сауатсыздықты жою бойынша мектептер туралы егжей-тегжейлі ереже әзірленді.

Науқандық комиссияның құрамында шаруалар арасында да, қала тұрғындары арасында да егіс науқанының жоспары жасалып, қалаларда «Қызыл соқа» апталығын өткізу туралы шешім қабылданды. Губерниялық комитеттің «Завод и пашня» апталық газетін 3000 данамен шығару туралы шешім қабылданды [16, 69-б.].

Ірі облыстық мұсылман баспаханасын негізінен қазақ тілінде оқулықтар мен социалистік әдебиеттерді басып шығару үшін жабдықтау жұмыстары басталды.

Техникалық сауат ашу және қорғаныс пен қоғамдық-саяси мақсатындағы қызмет. Мұндай қызмет атқаруға ұлт зиялыларының қосқан үлесі зор. Солардың қатарында Н.Нұрмақов пен Т.Жаманмұрынов.

Т.Жаманмұрынов 1921-1929 жылдарда Қазақ автономиялық республикасы Егін шаруашылығы халық комиссарының орынбасары, Егін шаруашылығы халық комиссариаты жабдықтау, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы басқармаларының бастығы қызметтерін атқара жүре халықты егін шаруашылығымен айналысудың қыр-сырын үйрету мақсатындағы ағарту жұмыстарына басшылық етті. Ал Н. Нұрмақов Авиаким немесе Осоавиахим (Общество содействия обороне, авиационному и химическому строительству) ерікті қоғамында қорғаныс, авиация және химиялық құрылысқа жәрдемдесу жұмысына басшы болды. Ол қоғамның әуе флоты мен Доброхим достары қоғамының бірлестігі деген де атауы кездеседі. Осы қоғамның төрағасы болған Н. Нұрмақовтың «Кеңестер Одағының сыртқы жайы және ОСОАВИАХИМ қоғамының міндеті» жайлы кітабы 1927 жылы Қызылордадан шыққан.

Қазақстанда «Радионың достары қоғамы», «Киноның достары қоғамы» деген сияқты техникалық салалармен қызығатындардың басқа да ерікті қоғамдары қалыптасты.

1930 жылдан бастап, Сталиннің жеке диктатурасы орныққан кезден, қоғамдық ұйымдардың мемлекетке толық бағынуы іс жүзінде заңдастырылды. КСРО Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1930 жылғы 6 қаңтардағы «Пайда табу мақсатын көздемейтін Бүкілодақтық қоғамдар мен одақтарды құру және тарату тәртібі туралы» қаулысы ерікті қоғамдар мен азаматтардың тәуелсіз қызметі мен өзіндік белсенділігі еркіндігіне шектеу қойды.

Қазақ зиялыларының Қазақстанды зерттеу мақсатындағы қызметі. Бұл ерікті қоғамның төрағасы – О. Жандосов. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар мен диссертациялар қорында Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының – қоғам ашылған күннен бастап (1920 ж.15 қазаны)-1929 жылға дейін, Орынборда басылып шыққан томдардан тұратын басылымдары жинақталған. «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының еңбектері» этнографтардың, лингвисттердің, ағартушылардың құнды материалдарын жариялады. 1921 жылғы «Еңбектердің» бірінші санындағы алғы сөзінде И. Расторгуев: Қоғам өз мақсатын қазақ өлкесінің мәдени құрылысы мен экономикалық дамуы үшін зерттеу жүргізуді, өлкеге қатысты барлық құнды және қажетті мәліметтерді жинау деп айқындайтынын көрсетеді. Осы мақсатта жеке адамдар және қоғамдық топтар көмегін күтеді. Әсіресе, экономикалық, этнографиялық, табиғи-

географиялық және тарихи-археологиялық сипаттағы алуан түрлі деректерді жөнелту арқылы көмекке келеді деген үмітін білдіреді.

1922-1925 ж.ж. Қазақ Халық ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми- әдеби комиссиясының төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болады. Осы кезеңде ағартушылар мен білім беру қоғамдарының, ерікті қоғамдардың көптеп пайда болған кезі. Бұл қоғамдар 1920-30-шы жылдардың басында құрылған және Қазақстанның аймақтарында филиалдары қызмет жасаған. Қоғамдардың басшылық қызметінде Байтұрсынов, Мыңбаев, Нұрмақов, Жандосов, Шонанов сияқты көрнекті қайраткерлер мен басқа да ағартушылар болған.

А. Байтұрсынов 1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың төрағасы болып отырған уақытында, академиялық орталық алқасы мен Қазақ өлкесін зерттеу қоғамы Орталық өлкелік мұражай кеңесіне қосылды. Осы тұста А. Байтұрсыновты Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы да болды. Олар өз елінің тарихы мен мәдениетін зерттеуге қатысты. Архив бас басқармасы құрылып, тарихи құжаттарды жинастыру, өңдеу және ғылымға пайдалану ісін бастады. XX ғ. 20-жылдары қоғам мүшелері КСРО ҒА мен Географиялық қоғамының археологиялық-этнографиялық экспедициялары жүрді. Қазақстан зерттеу қоғамы мектеп істерін ұйымдастыруға белсенді қатысты: қазақ тілінде оқулықтар жазды, әдістемелік құралдар әзірледі, археологиялық карта жасады.

Ұлттық зиялы өкілі, көшбасшысы Ә. Бөкейханның Омбыда тұрған кезінде семейліктермен шығармашылық байланыста болғанын, 1905 жылы Батыс Сібір департаментінің Әкімшілік комитетінің мүшесі екендігін деректер көрсетіп отыр [17]. Материалдарда Ә. Бөкейханның комитет мүшесі ретінде Семей бөлімшесінің мүшелеріне Семей мұражайы коллекциясының кейбір данасын Батыс Сібір бөліміне беру туралы ресми өтініш жасау фактісі сақталған.

Шындығында, зиялы қауым өкілдері кадет корпусының түлектері Ш.Уәлиханов, С.Бабаджанов, ағайынды Сейдалиндер, М.Таукиндер салған жолды жалғастырып, қазақ этносын этнографиялық зерттеу және әлеуметтік-экономикалық ізденістер жүргізу дәстүрлерін ары қарай дамытты [18].

Мұнан өзге, қазақ даласын, салтын зерттеуге өзіндік үлестерін қосқан, аттары белгілі дәрежеде беймәлім ғалымдар бар. Мысалы, «Еңбектердегі» 1921-1922 жылдардағы басылымында «Қазақтардың ойындары» мақаласының авторы Н.Мелкова. Ол Ембі болысы Орал облысының Темір уезінен және Торғайдың Жусалы уезінен 33 ойын түрі туралы материал жинап, өңдеген. Ойындар жайлы жақсы библиографиялық тізім ұсынылған және экспедиция бағдарламасы мен оның 29 сұрақтан тұратын сауалнамасы берілген. Н.Мелкова: «Ойыннан біз кейде халық өмірінен жойылып кеткен фактіні қалпына келтіре аламыз, бұл этнограф үшін аса маңызды» дейді. Сондай-ақ, ол ойынның «халықтың діни танымын, тұрмысын, халықтың болмысын, кәсіп түрлерін зерделеу үшін маңызы зор екенін, осының барлығы олардың ойындарында айқын көрініс табатынын» атап көрсетеді.

Тағы бір көпшілікке таныс емес автор Мелков Александр Лаврентьевич. Бұл автор Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының мүшесі (1920 ж.) болса, 1921-ші жылдары Қазақ бас музейінің төрағасы, Халық ағарту комиссариаты академиялық орталығының алқа мүшесі болса, 1922-1927 жылдары - Қазақстан Орталық облыстық мұрағатының меңгерушісі, 1927 жылдан Қазақ кітап палатасының директоры қызметтерін атқарған. 1930 жылы 13 қазанда ОГПУ үштігінің үкімімен репрессияға түседі, 1989 жылы 9 маусымда ақталды. «Қазақ этнографиясы туралы материалдар», «Қорғандар туралы жазбалар» сияқты еңбектері мен иллюстрациялық үлкен коллекциясы табылды. Коллекцияның ішінде Орталық Азия халықтарының типаждарын, киім-кешектерін, баспаналарын, кәсібін, өнері мен тұрмысын сипаттайтын екі мыңнан астам этнографиялық фотосуреттер бар. Альбомдардың бірі негізінен қазақтың қолданбалы өнері мен киім үлгілерінің нобайларынан тұрады. Барлық материалды А.Л. Мелков 1920 жылдары қазақтар, қарақалпақтар, түркімендер, өзбектер,

Жайық казактары арасынан жинаған. А.Л. Мелковтың коллекциялары Орыс этнографиялық музейінде, Қазақстан және Қарақалпақстан музейлерінде сақтаулы.

Қорытынды. Зерттеу барысында қазақ зиялыларының ерікті қоғамдардың қызметіне елеулі үлес қосқаны дәлелденді. Білім беру үйірмелері мен мәдени бірлестіктер сияқты ерікті қоғамдар модернизация, ағартушылық және мәдени құндылықтарды сақтау идеяларын ілгерілету үшін керемет алаң болды. Зиялы қауым қоғамды жаңа сын-тегеуріндерге дайындау үшін қазақтың дәстүрлі білімі мен сол замандағы жаңа біліммен интеграциялау қажеттігін анық түсінді және іске асыруға белсенді қатысты. Ерікті қоғамдар аясында көптеген қайраткерлер қазақ тілі мен мәдениетін дамытты, кітаптар мен оқулықтар шығарумен айналысты. Бұл процесс ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етті.

1920-1930 жылдары ағартушылар енгізген идеялар мен ұстанымдар қазіргі білім беру және қоғамдық бастамалар үшін маңыздылығын жоғалтпайды деген ойдамыз. Осы тарихи тәжірибені заманауи білім беру бағдарламаларында, еріктілер жұмысында және мәдени жобаларда пайдалануға болады.

Қазақ зиялыларының мұрасын сақтау және өзектендіру үшін осы зерттеу тақырыбын жалғастыру маңызды. Бұл жаңа ұрпақты ағарту мен қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуға шабыттандыруы мүмкін жақсы тарихи тәлім, үлгі-тәжірибе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мініс Ә., Сарай А. МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. – Баян - Өлгей: Аймақ баспаханасы, 1960. – 134 б.
2. Қабышұлы И. Монғолия қазақтарының тарихы. – Өлгей: Аймақ баспаханасы, 1980. – 240 б.; Қабышұлы И. Қазақ қауымы: Қазақ ұлысының 2200 жылдың тарихы. – Алматы: Жазушы, 1997.
3. Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі (Тарихы көркем публицистика). – Алматы: Мерей, 1995. – 298 б.
4. Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. - Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2001. - 320 б.
5. Камалашұлы Б. Моңғолиядағы қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы (XIX ғ.соңғы жартысы – XX ғ.): Т.ғ.д. дис. ... авторефераты. – Алматы, 1998. – 54 б.
6. Мухамадиұлы Қ. Монғолиядағы қазақ субэтностының қалыптасуы мен дамуы. – Алматы-Улаанбаатар: Чойжол, 1997. – 221 б.
7. Әжіғали С.Е, Ошанов О.Ж., Тоқтабай А.У. Моңғолия қазақтары этникалық тобын зерттеудің бағдарлама-сұрақнамасы. – Алматы: Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2004. – 47 б.
8. Құрманбайұлы Ү., Рахметұлы Ш. Моңғолиядағы қазақ халқы. – Улаанбаатар: «АДМОН», 2007. – 264 б.
9. Қозғамбаева Г.Б., Қалыш А.Б. Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2014. 172 б.; Қозғамбаева Г.Б. Қазақ диаспорасының тарихы туралы зерттеулер //Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың хабаршысы. Тарих сериясы. №3 (58), 2010. – 49-54 бб.
10. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры: п роисхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 261 с.
11. Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы: Атажұрт, 2001. – 318 б.
12. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. - Ленинград, 1930. Т.2-3. - 414 с.
13. Потанин Г.Н. Очерки северо – западной Монголии. - Санкт – Петербург, 1881. – 340 с.
14. Сарай А. Баян-Өлгей аймақтың қазақ халқы тарихының кейбір мәселелері. – Өлгей: МХР-ғылым тарату қоғамының Баян-Өлгейлік бөлімі, 1968. – 104 б. .
15. Шынай Р. Моңғолия қазақтарының ата-тек шежіресі. - Баян-Өлгей: Баспагер, 1997. - 212 б.

16. Астафьев Г.В. *Национальный вопрос в Китае (1911-1949)*. - М., 1971. <https://www.lib.asu.ru.arhiv.doc>.
17. Сапожников В.В. *По Алтаю (Дневник экспедиций)*. - М., 1949. II том - 273 с. <https://www.litmir.club>.
18. Казнаков А.Н. *Мой пути по Монголии и Каму*. - СПб.: Русского. географического общества, 1907. - 135с. <https://www.litfund.ru>
19. Байжұма Г., Дукенбаева З. 1911-1940 жылдардағы Моңғолия қазақтарының қилы тарихы // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Тарих және әлеуметтік- саяси ғылымдар сериясы». 1(64), 2020. - 73-78 бб.
20. Қозғамбаева Г.Б. *Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы: өткені мен бүгіні* - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 155 б.
21. Тортаева Ә. Шығыс Түркістан қазақтары. //Қазақ тарихы. 1, 1998. - 17-21 бб.

References:

1. Minis Ä., Sarai A. *MHR Baian-Ölgei aimağыnyñ qazaq halqy tarihynan*. - Baian -Ölgi: Aimaq baspahanasy, 1960. - 134 б.
2. Qabyşuly İ. *Moñğolia qazaqtarynyn tarihi*. - Ölgei: Aimaq baspahanasy, 1980. - 240 б.; Qabyşuly İ. *Qazaq qauymy: Qazaq ūlysynyn 2200 jyldyñ tarihi*. - Almaty: Jazuşy, 1997.
3. Qinaiatuly Z. *Jylağan jyldar şejiresi (Tarihy körkem publisistika)*. - Almaty: Merei, 1995. - 298 б.
4. Qinaiatuly Z. *Moñğoliadağy qazaqtar*. - Almaty: Düniejüzı qazaqtarynyñ qauymdastyğy, 2001. - 320 б.
5. Kamalaşuly B. *Moñğoliadağy qazaqtardyñ дәstürli şaruaşylyğy (HIH ğ.soñğy jartysy – XX ğ.): T. ğ. d. dis. ... avtoreferaty*. - Almaty, 1998. - 54 б.
6. Muhamadiuly Q. *Moñğoliadağy qazaq subetnosynyñ qalyptasuy men damuy*. - Almaty-Ulaanbaatar: Choijol, 1997. - 221 б.
7. Äjiğali S.E., Oşanov O.J., Toqtabai A.U. *Moñğolia qazaqtary etnikalyq tobyn zertteudiñ bağdarlama-sūraqnamasy*. - Almaty: Ş.Ş.Uälihanov atyndağy Tarih jäne etnologia instituty, 2004. - 47 б.
8. Qūrmanbaiuly Ü., Rahmetuly Ş. *Moñğoliadağy qazaq halqy*. - Ulaanbaatar: «ADMON», 2007. - 264 б.
9. Qozğambaeva G.B., Qalyş A.B. *Moñğoliadağy qazaq diasporasynyñ tarihi: oqu qūraly*. - Almaty: Qazaq universiteti, 2014. 172 б.; Qozğambaeva G.B. *Qazaq diasporasynyñ tarihi turaly zertteuler //Äl-Farabi atyndağy QazŪU-dyñ habarşysy. Tarih seriasy. №3 (58), 2010. - 49-54 bb.*
10. Mendikulova G.M. *İstoricheskie südby kazahskoi diasporı: p roishojdenie i razvitie*. - Almaty: Fylym, 1997. - 261 s.
11. Qinaiatuly Z. *Moñğoliadağy qazaqtar*. - Almaty: Atajürt, 2001. - 318 б.
12. Grumm-Grjmailo G.E. *Zapadnaia Mongolia i Uränhaiski krai*. - Leningrad, 1930.T.2-3. - 414 s.
13. Patanin G.N. *Ocherki severo – zapadnoi Mongoli*. - Sankt – Peterburg, 1881. - 340 s.
14. Sarai A. *Baian-Ölgei aimaqtyñ qazaq halqy tarihynyñ keibir мәseleleri*. - Ölgei: MHR-ğylym taratu qoğamynyñ Baian-Ölgeilik bölmi, 1968. - 104 б. .
15. Şynai R. *Moñğolia qazaqtarynyñ ata-tek şejiresi*. - Baian-Ölgei: Baspager, 1997. - 212 б.
16. Astafev G.V. *Nasionälnyi vopros v Kitae (1911-1949)*. - М., 1971. <https://www.lib.asu.ru.arhiv.doc>.
17. Sapojnikov V.V. *Po Altaiu (Dnevnik ekspedisi)*. - М., 1949. II том - 273 с. <https://www.litmir.club>.
18. Kaznakov A.N. *Moi puti po Mongolii i Kamu*. - SPb.: Ruskogo. geograficheskogo obşestva, 1907. - 135s. <https://www.litfund.ru>
19. Baijūma G., Dukenbaeva Z. 1911-1940 жылдардағы Моңғолия қазақтарының қилы тарихы // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Тарих және әлеуметтік- саяси ғылымдар сериясы». 1(64), 2020. - 73-78 бб.
20. Qozğambaeva G.B. *Moñğoliadağy qazaq diasporasynyñ tarihi: ötkeni men бүgini* - Almaty: Qazaq universiteti, 2017. - 155 б.

21. Tortaeva Ä. Şyğys Türkıstan qazaqtary. //Qazaq tarihy. 1, 1998. – 17-21 bb.